

№ 14
дәріс

14-дәріс тақырыбы:

Химияны оқытудың әдістемелік негіздері.

Технологияландыру химиялық білім беру дамуының жетекші үрдісі іспеттес.

Жоспары:

14.1. Химиялық ұғымдар, олардың түрлері.

14.2. Оқушыларда химиялық ұғымдарды жас ерекшелігіне қарай күрделендіре отырып қалыптастыру жолдары.

14.3. Химияны оқыту барысында білім-білікті бағалау жолдары.

Тезистері:

14.1. Химиялық ұғымдар, олардың түрлері.

«Педагогикалық технология» ұғымы. «Оқыту әдістемесі» мен «оқыту технологиясы» ұғымдарының арақатынасы.

«Ұғым» сөзінің түсінігі. Н.Е.Кузнецова мен В.С.Полосиннің химия пәніндегі ұғымдарды топтастыруы: химиялық ұғымдардың қалыптасу деңгейлері; қарапайым-күрделі-жалпы химияның арнайы ұғымдары. Химия пәнінің құрылымын құратын басты химиялық ұғымдар. Химиялық ұғым түрлері. Ұғымдардың біртіндеп күрделенуі. Қарапайым ұғымдардың күрделі ұғымдарға айналуы, арнайы химиялық ұғымдар, олардың ерекшеліктері. Жалпы химиялық ұғымдар, олардың қалыптауы. Г.М.Чернобельская мен Д.М.Кирюшкин және т.б. әдіскерлердің ұғымдарды маңыздылығына қарай жіктеуі. І деңгейдегі химиялық ұғымдар: «зат», «таза зат», «қоспа», «жай зат», «күрделі зат». ІІ деңгейдегі химиялық ұғымдар: атом, молекула, зат алмасу т.б. ІІІ дейгейдегі химиялық ұғымдар: эволюцияның қозғаушы күштері, зат құрылысы, деңгейлер мен деңгейшелер т.б. Әр деңгейдегі ұғымдар арасындағы байланыстың маңызы, оның тірі табиғат біртұтастығын көрсетуі.

14.2. Оқушыларда химиялық ұғымдарды жас ерекшелігіне қарай күрделендіре отырып қалыптастыру жолдары. Химия ғылымының даму барысында теориялық деңгейінің көтерілуіне байланысты негізгі ұғымдарының мағынасы кеңейіп, тереңдейді. Мектеп курсына әр ұғымның ғылым тарихындағы қалыптасу жолын айнытпай қайталау міндет емес. Дегенмен, оқушылардың әзірлігін, жас ерекшелігін ескеріп, ұғымның мағынасын біртіндеп ашып дамытуға тура келеді. Мәселен, зат туралы ұғым мына сызбанұсқаға сәкес дамытылады; физикалық дене → зат → элементтік құрамы → элементар бөлшектер → иондық құрамы → материяның бір түрі.

14.3. Химияны оқыту барысында білім-білікті бағалау жолдары.

Оқушылардың химияны меңгеру нәтижесін тексерудің маңызы. Оқушылардың оқу материалы бойынша игеруге тиіс білім-біліктері мен оқу бағдарламасы. Химия пәнінен оқушылардың алған білім-білігін тексерудің әр алуан түрлері. Қамтылатын оқу материалының көлемі мен өткізілу уақытына қарай: оқушылардың білім-білігін ағымдағы (сабақ сайын), тақырыптық (мезгіл-мезгіл, немесе аралық) және қорытынды тексеру түрлері. Тексеру әдісіне қарай: жеке және фронтальді ауызша, жазбаша, графикалық, практикалық және тестілік тексеру түрлері. Мылқау сурет, терминологиялық және графикалық диктант, кесте арқылы тексеру, сигналдық карточкалар, деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс, пікірталас т.б. ҰБТ мен тестілеу әдісі.

	Әрбір әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері, мұғалімдер қызметіне ұсыныс-нұсқаулар. Оқушылар білім-білігін бағалаудағы объективтілік пен субъективтілік. Бағалауға қатысты мұғалімнің кәсіби әдебінің нормалары.
--	--